

## Орлы селолық округіне қарасты Қанжыға, Алтыншы, Каспий ауылдарындағы атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы

### **Күшін жойған**

Атырау облысы Құрманғазы ауданы Орлы селолық округі әкімінің 2009 жылғы 15 қазандағы N 29 шешімі. Атырау облысы Әділет департаменті Құрманғазы ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 28 қазанда N 4-8-158 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Орлы селолық округі әкімінің 2010 жылғы 22 қазандағы N 77 шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Құрманғазы ауданы Орлы селолық округі әкімінің 2010.10.22 N 77 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы № 148-II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 35 бабының 2 тармағының негізінде, 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының "Әкімшілік аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14 бабының 4 тармағының негізінде және Орлы селолық округіне қарасты Қанжыға, Алтыншы, Каспий ауылдарындағы атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы аудандық ономастикалық комиссиясының 2009 жылғы 15 қазандағы № 11 хаттамасына сәйкес **ШЕШЕМІН:**

1. Орлы селолық округіне қарасты Қанжыға елді мекеніне "Құлагер" көшесі, Алтыншы ауыл елді мекеніне "Бәйтерек" көшесі, Каспий елді мекеніне "Береке" көшесі деген атаулары берілсін.

2. Осы шешімге сәйкес көшелерге берілген атаулардың жазуларын ілдіру селолық округ әкімі аппаратының жетекші маманы Т. Гумаровқа тапсырылсын.

3. Шешім Әділет басқармасынан мемлекеттік тіркеуден өткен соң заңды құшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан бастап күнтізбелік он қүннен кейін қолданысқа енгізіледі.

О к р у г    ә к і м і

А .    М у с а